

Астана қаласы әкімдігінің

«Қайым Мұхамедханов № 90 гимназия» ШЖҚ МКК

9- 11-сынып мектеп бітірушілер, олардың ата-аналары, педагогикалық ұжыммен бірыңғай түсіндірме жиналысы

№ 9 ХАТТАМАСЫ

Мерзімі: 04.05.2024

Уақыты: 18:00

Өтетін орны: кітапхана

Қатысқандар:

1. Г.А.Абдраманова- мектеп директоры;
2. Г.Қазкенова-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
3. Г.Сариева-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Жылдық қорытынды есебі
2. Мемлекеттік емтихан туралы
3. Соңғы қоңыраудың өтілу тәртібі

Тыңдалды:

Мектеп директоры, Г.А. Абраманова биылғы 2023-2024 оқу жылы 24 мамыр аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің тұжырымдамасы негізінде санитарлық талаптарды сақтай отырып, салтанатты жиынды өткізу іс-шара 40 минуттан аспауы керектігі ескертілді. Мектеп бітіру, аттестат алу салтанатты жиындары кезінде мектеп тұлғаларының ішкі тәртіп ережесіне сәйкес мектеп формасын киюі міндетті және қорытынды аттестаттау кезінде мектеп бітірушілер мен олардың ата-аналарынан ақша жиналмау, дастархан жайылмауы, сыйлықтар берілмеуі және мектеп әкімшілігі, педагогтар, ата-аналар, құқық қорғау органдары мен өртке қарсы қызмет көрсету өкілдерінен кезекшілік бекіту туралы айтылды.

Бітіру кештерінің мектеп қабырғасынан тыс жерлерде немесе арнайы көңіл көтеретін мекемелерде өткізілмеуі туралы мәлімет берілді

Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Г.Сариева 9-11 сыныптар арасында мемлекеттік емтихан туралы мәліметтер берілді. Оқу жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген ереже талаптарына сәйкес аяқталатынын атап өтті.




Соңғы қоңыраудың өтілу тәртібімен мектеп директорының тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары, Г. Қазкенова бітіруші сыныптардың санитарлық талаптарды сақтай отырып, салтанатты жиын өткізілетінін, (іс-шара 40 минуттан аспауы керек); өтілу барысында мектеп бітіру, аттестат алу салтанатты жиындары кезінде мектеп түлектерінің ішкі тәртіп ережесіне сәйкес мектеп формасын киюі міндетті екенін ескертті қорытынды аттестаттау кезінде мектеп бітірушілер мен олардың ата-аналарынан ақша жиналмау, дастархан жайылмауы, сыйлықтар берілмеуі туралы айтты.

ШЕШІМ:

1. 2023-2024 оқу жылының аяқталуы туралы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің тұжырымдамасы негізінде санитарлық талаптарды сақтай отырып, салтанатты жиын өткізілсін.

2. Мектеп бітіру, аттестат алу салтанатты жиындары кезінде мектеп түлектерінің ішкі тәртіп ережесіне сәйкес мектеп формасын киюге ата-аналар қарсы еместігін ескере отырып бір ауыздан келісілсін.

3. Қорытынды аттестаттау кезінде мектеп бітірушілер мен олардың ата-аналарынан ақша жиналмау, дастархан жайылмауы, сыйлықтар берілмесін.

 Г.А. Абдраманова
 Г. Қазкенова
 Г. Сариева